

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

27 сәуір 2016 жыл

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) өзінің 2015 жылға және 2016 жылдың 1-ші тоқсанына қызметтерінің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды.

- 2015 жылы году KASE биржалық сауда-саттықтың көлемі өзінің тарихи максимумына жетіп 97 %-ға ұлғайды.
- Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі 4 есеге өсті
- Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттықтың көлемі 2015 жылы 1 228,6 млрд теңгеге жетіп, 2014 жылдағы осы көрсеткіштен 2,7 есе жоғары болды.

### **Биржалық нарықтың негізгі көрсеткіштері**

2015 жылы биржалық сауда-саттықтың көлемі 93 трлн теңгеге жетіп, 2014 жылдағы осы көрсеткіштен 97 %-ға асып, KASE максималды мәнінің тарихи шыңына шықты. Акциялар секторындағы көрсеткіштер айтарлықтай 5,2 есеге, корпоративтік облигациялар 2,7 есеге, репо 2,1 есеге және шетел валюталары нарығы 2 есеге өсті, бұл ретте биржалық айналымның ең үлкен үлесі әдетте шетел валюталарының нарығы мен репо нарығына титесілі – тиісінше 72 % және 25 %.

2016 жылдың бірінші тоқсанында биржалық сауда-саттықтың көлемі 24,4 трлн теңгені құрады. Шетел валюталарының нарығындағы көлемдердің төмендеуі байқалды, оның себебі нарықтық осы секторындағы бағамдық волатильділік болды. Акциялар нарығы және репо операцияларының нарығы, керісінше, белсендіріліп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4 және 2 есеге көбейді.

Өткен жылдағы валюталық спот-нарық негативті динамиканы көрсетті – мұндағы сауда-саттық көлемі 22,4 % -ға төменде 12,4 трлн теңгеге жетті, олардың, бұрынғыша 99 %, АҚШ долларының сауда-саттығы есебінен болды. Алайда, 2014 жылдың қыркүйек айында ашылған қытай юанінің теңгеге сауда-саттығы, осы секторға маркет-мейкерлерді тарту арқылы, 2,9 есеге өсті. Рубльдің теңгеге сауда-саттығы өткен жылда 56,5 %-ға ұлғайып, 18,2 млрд рубльге жетті.

2014 жылмен салыстырғанда, өткен жылы акциялар нарығындағы сауда-саттықтың көлемі едәуір өсті. "БАСТ" АҚ IPO өткізуі, "Майкубен Вест Холдинг" АҚ акцияларын сату және "Қазақстан Халық жинақтаушы банкі" АҚ өз акцияларын кері сатып алуы арқасында акциялардың арнайы мамандандырылған сауда-саттығының елеулі өсімін көрсетіп, 36,6 млрд теңгеге жетті.

2015 жылдың қорытындысы бойынша акциялар нарығындағы ең өтімді қаржы құралы деп "KEGOC" АҚ жай акциялары мойындалды, олармен 17 мың мәміле жасалды. Бұл акциялар Халықтық IPO бағдарламасы шегінде 2014 жылдың соңында көпшілік арасында орналастыру нысаны болып, нарыққа оң импульс берді.

Есеп берушілік жылда Бағалы қағадардың орталық депозитарийінің есепке алу жүйесінде ашылған, жеке тұлғалар шоттарының саны 2,2 %-ға өсіп, жалпы саны 101 732 жетті. Акциялармен мәмілелер жасалғанда айына орта есеппен 1 730 есеп-шот ашылды, ал 2014 жылда бұл көрсеткіш тек 764 шотты құраған. Акциялардың биржалық айналымының 52,5–65,2 % жеке тұлғалардың еншісінде болды.

2016 жылдың бірінші тоқсанында ұлттық валютаның нығаюына байланысты теңгелік қаржы құралдарға сұраныс айтарлықтай өсті. Ең алдымен, нарыққа қатысушылар акцияларды таңдады. Ақпан-наурыз айларында KASE Индексінің өсі жылдамдығы жылдық 100 % жетті. KAZ Minerals PLC (+72,4 %), "KEGOC" АҚ (+12,9 %) және "КазТрансОйл" АҚ (+12,2 %) акциялары ең үлкен өсімді көрсетті.

**Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі 2015 жылы 1 228,6 млрд теңгеге жетті.** Бұған ең көп үлес қосқан банктер мен мемлекет сыңайлы сектор компанияларының облигациялары бастапқы орналастырулары болды. 2016 жылдың бірінші тоқсанында қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 15,4 млрд теңгені құрады.

2015 жылдың 31 желтоқсанына KASE сауда-саттық тізімдерінде 140 эмитенттің 568 атаудағы бағалы қағаздары болды.

Акциялар нарығында 12 листинг өткізіліп, оның 10 – жаңа компаниялар. Барлық аталмыш бағалы қағаздар KASE ресми тізімінің акциялар секторының екігші санаты бойынша енгізілді. Корпоративтік облигациялар секторында KASE листингін борыштық бағалы қағаздардың 53 шығарылымы өтті. "Мемлекеттік сыңайлы сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары" санаты бойынша облигациялардың 13 шығарылымы, қалғаны – "өзге борыштық бағалы қағаздар" санаты бойынша листингтен өтті.

### **2015 жылдағы қызметтің қаржылық қорытындылары**

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша KASE активтері өткен жылдағы көрсеткіштермен салыстырғанда 47,9 %-ға өсіп, 8,3 млрд теңгені құрады. KASE меншікті капиталы есептік жылда 19,3%-ға өсіп (1,0 млрд теңге), таза пайда есебінен 6,3 млрд теңгеге жетті.

Есептік жылдың қорытындысы бойынша жиынтық кірістер 2 546,9 млн теңгені құрады. Негізгі қызметтен түскен кірістер KASE жиянтяқ кірісінің 64,8 % құрап, 2015 жылдың қорытындысы бойынша 184,8 млн теңге жетті немесе 12,6 % өсті. KASE кірістерінің құрылымында негізгі қызметтен түскен кірістердің ең үлкен үлесі листинглік алымдар (+9,9 %), комиссиялық алымдар (+21,2 %) және мүшелік жарналар (+11,6 %) еншісінде. Негізгі емес қызметтен түскен кірістердің негізгі бөлігі KASE инвестициялық қызметінің нәтижесі болып табылады.

2015 жылдың қорытындысы бойынша KASE таза пайдасы 1 018,6 млн теңгені құрады.

### **Өзекті жобалар**

2015 жылы KASE валюталық нарығы үшін "NEXT" жаңа сауда-саттық жүйесі әзірленді. Бұл жүйе он-лайн тәртіптемесінде валюталық нарыққа қатысушылардың бір күндік жайғасымдарының мәндерін есептеуге мүмкіндік береді. Бұл жүйе алдында қолданылған өнімділік және қолдану ыңғайлығы бойынша жүйелерде едәуір зор.

2015 жылдың шілдесінде KASE қызметін әлемдік салалық стандарттарға жақындастыратын, Қор нарығында T+2 сызбасы бойынша мәмілелер жасасу тәртібі қолданысқа енгізілді. Бұл сызбаны қолдану қазақстандық нарықтың халықаралық классификаторлардағы жайғасымына оң ықпалын тигізіп, KASE нарығына шетелдік инвесторларды тартуға себептеседі.

2015 жылдағы қор нарығын дамыту бойынша жүргізілген жұмыстар шегінде Биржада экономиканың приоритеттік секторларында инновациялық технологияларды әзірлеу және/немесе эксплуатациялаумен байланысты жобаларды іске асыратын, эмитенттерге арналған "HiTech" секторы ашылды. Ағымдағы жылы Биржа осы секторға эмитенттерді тарту бойынша жұмысын әрі қарай жалғастырады.

2015 жыл барысында әлемнің жетекші биржаларының тәжірибесі негізінде жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың бағалы қағаздары үшін арнайы листингтік талаптарды енгізу мүмкіншілігін зерттеу бойынша жұмыстар жүргізілді ("Mining and Oil & Gas" жобасы).

2016 жылы қор нарығы құралдары арқылы қаржыландыру сұрақтары бойынша компанияларға кеңес беру мақсатында, LPAI бағдарламасы өз жалғасын таппақ. Бұдан басқа, мемлекет тарапынан субсидиялау және банктік несиелерді кепілдеудің жалпыға ортақ стандартты сызбасы қор нарығының құралдарымен толықтыруға қол жеткізетін, облигациялар бойынша субсидиялау және кепілдеуді енгізу жобасын іске асырады.

Халықаралық институционалдық және бөлшек инвесторларды тарту мақсатында, қазақстандық капитал нарығының MSCI және S&P классификаторларындағы мәртебесін Emerging market деңгейіне дейін көтеру, сондай-ақ FTSE классификаторының ресми тізіміне Frontier market мәртебесін алумен кіру және мәртебесін Emerging market деңгейіне дейін жеткізу бойынша жұмыстар жүргізу жоспарланды.

Биржаның жуырдағы жоспарларына ЕАЭЫ елдерінің банктері үшін валюталық нарығын тікелей рұқсаттама бастамасын жылжыту кіреді. Осы жоба шегінде еуразиялық өңір елдерінің

банктеріне, өздерінің ұлттық реттеушілерінің лицензияларымен, тиісті қазақстандық лицензияны алусыз, валюталық нарыққа шығу мүмкіншілігін беру қарастырылуда.

####

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) қаржы нарығында қызмет ететін Орта Азия аймағындағы жетекші қор биржасы және Қазақстандағы жалғыз биржа болып табылады. Ол репо нарығы құралдарымен, шет елдік валютамен, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздармен, халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен, сондай-ақ туынды құралдарымен сауда-саттық жүргізетін әмбебап сауда алаңы болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан қор биржасында акциялары сауда-саттық жасалатын компаниялардың жиынтық нарықтың құны 12,5 трлн теңгеге (\$37,6 млрд) бағаланды. Биржадағы айналымдағы корпоративтік қарыз құны 8,6 трлн теңгені (\$25,8 млрд) құрайды, мемлекеттік – 6,4 трлн теңге (\$19,2 млрд).

KASE Халықаралық биржа федерациясы (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясы (FEAS), сондай-ақ халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы Қазақстан қор биржасы Біріккен Ұлттар Ұйымының "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ 2015 жылға жылдық есебінің толық нұсқасымен [http://www.kase.kz/files/for\\_shareholders/kase\\_2015.pdf](http://www.kase.kz/files/for_shareholders/kase_2015.pdf) сайтында танысуға болады.

Қосымша ақпаратты +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz) алуға болады.